

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АРАЛ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ №19 ОРТА
МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА №19»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО
АРАЛЬСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«20» қаңтар 2025 жыл

№05/6-нқ

«Мектепшілік есепке» алу туралы

1.ҚР оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №398 бұйрығына сәйкес «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын» басшылыққа ала отырып, жоғары педагогикалық назар аударуды талап ететін білім алушыларды уақытылы анықтау және қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.10 «А» сынып оқушылары Амандықұлы Айтмұрат, Нұрланұлы Расулла, 11 а сынып оқушысы Айтбайұлы Айбат мектепшілік есепке алынсын.

1.2.Оқушыларды назарға алынып, өз тарапынан оқушымен жұмыс жүргізу үшін Амандықұлы Айтмұратқа қоғамдық тәрбиеші С.Шаңбаев (педагог-ассистент), Нұрланұлы Расуллаға қоғамдық тәрбиеші А.Жетесов (спорт нұсқаушысы), Айтбайұлы Айбатқа қоғамдық тәрбиеші Н.Серікбаевқа (АӘД жетекшісі) жүктелсін.

1.3.Мектеп психологы К.Ысқақ оқушылармен педагогикалы-психологиялық жұмыстар жүргізісін.

1.4.Сынып жетекшілер оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста бақылау жүргізіп, жүргізілген жұмыстарының есебі сәуір айындағы кеңес отырысында қаралсын.

2.Мектеп әлеуметтік педагогы, қосымша білім беру педагогтарымен бірлескен жұмыстар үйлестірілсін.

3.Осы бұйрықтың орындалуын тәрбие ісі орынбасары С.Жасағанбергеноваға міндеттелінсін.

Мектеп директоры:



Л.Есжанова



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ж. 28 желтоқсан

Нұр-Сұлтан қаласы

№ *398*
город Нур-Султан

**«Білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу
жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы»**

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы
3 наурыздағы № 61 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.08.2023 ж. №748 қаулысымен бекітілген балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың 5-тармағын іске асыру мақсатында,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментіне (Медетбекова М.А.) жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Ғ. Бейсембаев

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы «28» *тамыз*
№ 398 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 3 наурыздағы № 61
бұйрығына қосымша

Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алу жөніндегі осы әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) жоғары педагогикалық назар аударуды және оларға әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді талап ететін білім алушыларға қатысты орта білім беру ұйымдарының мектепшілік есебін жүргізуге арналған.

2. Әдістемелік ұсынымдар ұсынымдық сипатта болады.

3. Мектепшілік есепке алудың (бұдан әрі – МЕА) міндеттері:

1) жоғары педагогикалық назар аударуды талап ететін балаларды уақтылы анықтауға;

2) білім алушыны білім беру ортасының жағдайына бейімдеуге көмектесу, оқу мотивациясын арттыруға;

3) ата-аналарға және өзге де заңды өкілдерге балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге;

4) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуының, құқық бұзушылықтарының және қоғамға қарсы іс-әрекеттерінің алдын алуға;

5) білім алушыларға, олардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге бағытталады.

2 тарау. МЕА-ға қою тәртібі

4. Білім алушының МЕА-ға қою оның ішінде әлеуметтік

актісін, кәмелетке толмаған баламен, оның ата-анасымен жүргізілген профилактикалық жұмыс туралы қысқаша ақпаратты қоса алғанда, бастапқы бағалау материалдары МЕА-ға қойылғанға дейін орта білім беру ұйымы басшысының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына ұсынылады.

15. Профилактикалық кеңес бастапқы бағалау материалдарын қарап, мүдделі өкілдерді, сондай-ақ ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді тыңдап, мектепшілік есепке қою не қоюдан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

16. Профилактикалық кеңес отырысының оң қорытындысы шыққан жағдайда білім алушымен, оның ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен профилактикалық жеке жұмыс жоспары (бұдан әрі - ПЖЖЖ) 1-қосымшаға сәйкес бекітіледі.

17. Профилактикалық кеңес отырысының хаттамасында өткізілген күні, қатысушылар туралы деректер (аты-жөні (бар болса), лауазымы), күн тәртібі, тыңдау қорытындылары бойынша қысқаша үзінді көшірме, қабылданған шешім көрсетіледі. Профилактика кеңесінің хаттамасына төрағалық етуші мен хатшы қол қояды.

18. Әлеуметтік қауіпті жағдайға ықпал ететін себептер мен жағдайларды негізге ала отырып, ПЖЖЖ жеке ықпал ету шараларын көрсету жөніндегі іс-шаралар көзделеді: кәмелетке толмағанды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету, сабаққа қатысуын бақылау, сабақтардың қосымша кестесі, пәндері бойынша қарыздарын тапсыру мерзімдерін белгілеу, қажет болған жағдайда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мамандарына жіберу, профилактикалық әңгімелесу, сабаққа қатысу, мінез-құлықты түзету, жаңа дағдыларды дамыту, сабақтан тыс уақытта және бос уақытта, оның ішінде каникул уақытында жұмыспен қамту, ата-анамен жұмыс, жалпы оқыту қорынан көмек, құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесіне кіретін мүдделі органдар мен ұйымдардың мамандарымен өзара іс-қимыл жасау.

Профилактикалық жұмыстың жеке жоспарының бір данасы ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілге беріледі.

19. Әрбір іс-шара бойынша жауапты тұлғалар көрсетіледі және нақты орындау мерзімдері белгіленеді, кейін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмектің сапасына мониторинг және бағалау жүргізіледі.

20. Профилактикалық кеңестің хатшысы құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесіне кіретін мүдделі органдар мен ұйымдардан келіп түскен ақпаратты қарау нәтижелері бойынша 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы ақпаратты олардың назарына жеткізеді және одан әрі өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

21. Егер ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер МЕА аясында мектеп ұсынатын көмектен бас тартса және балада туындаған проблемаларды шешуде шаралар қабылдамаса, білім беру ұйымының өкімшілігі кәмелетке

жетекшісінің, әлеуметтік педагогтің, пән мұғалімінің және басқа да мүдделі тұлғалардың өтініші негізінде басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ұсынысы бойынша Профилактикалық кеңестің отырысында қаралады.

5. Мектептің Профилактикалық кеңесінің отырысы орта білім беру ұйымы әкімшілігінің шешімі бойынша өткізіледі.

6. Профилактикалық кеңес орта білім беру ұйымы қызметкерлерінің қатарынан (кемінде 5 адам) құрылады және білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

7. Орта білім беру ұйымының басшысы Профилактикалық кеңес төрағасы, хатшысы – әлеуметтік педагог немесе оны алмастыратын адам болып табылады.

8. Қажет болған жағдайда Профилактикалық кеңес отырысына қатысуға мүдделі мамандар (сынып жетекшісі, педагог-психолог, пән мұғалімі, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі аймақтық полиция инспекторы, медицина қызметкері) тартылады.

9. Профилактикалық кеңес отырысына қатысу үшін мектепшілік есепке алу мәселесі қаралып жатқан білім алушының ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері шақырылады.

10. Мектепшілік есепке алуды жалпы үйлестіруді орта білім беру ұйымы басшысының жауапты орынбасары жүзеге асырады, бақылауды орта білім беру ұйымының басшысы қамтамасыз етеді.

11. Білім беру ұйымы білім алушының (отбасының) әлеуметтік қауіпті жағдайда болуы туралы құқық бұзушылықтардың профилактикасы жүйесіне кіретін мүдделі органдардан, ұйымдардан ақпарат келіп түскен жағдайларда 1 (бір) жұмыс күні ішінде оның заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелуін қамтамасыз етеді.

12. Профилактикалық кеңестің хатшысы осы әдістемелік ұсынымдардың 4 және 11-тармақтарында көзделген жағдайларда 2 (екі) жұмыс күні ішінде сынып жетекшісімен, педагог-психологпен және басқа да мүдделі тұлғалармен бірлесіп білім алушылар мен оның отбасы мүшелері (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), орналасқан жері өмірдегі қиын жағдайдың немесе әлеуметтік қауіпті жағдайдың жалпы сипаттамасы) туралы бастапқы ақпаратты жинауды жүзеге асырады.

13. Қажет болған жағдайда орта білім беру ұйымдары:

1) отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісін жүргізу үшін комиссия құрады не ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен алдын ала кездесу өткізеді;

2) мүдделі органдар мен ұйымдарға (ішкі істер, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, отбасын қолдау орталықтары, діни қызмет саласындағы және басқалар) сауал жолдайды;

3) Профилактикалық кеңестің отырысына қатысу үшін мүдделі органдар мен ұйымдардың өкілдерін шақырады.

14. Сынып жетекшісінің оқушыға берген мінездемесін, педагог-психологтың қорытындысын, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларды тексеру

- 1) кәмелетке толмаған баланы асырау, тәрбиелеу немесе оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге қатысты материалды қарау туралы;
- 2) кәмелетке толмағандардың ата-аналарына ықпал етудің әкімшілік шаралары туралы;
- 3) әкімшілік жауаптылық белгіленген әрекетті жасаған кәмелетке толмаған адамға қатысты материалды қарау туралы ұсыныс береді.

3-бөлім. МЕА және одан шығарудың негіздемелері

22. МЕА үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) академиялық үлгермеушілік;
- 2) отбасындағы жайсыздықтар;
- 3) қадағалаусыздық, панасыздық, қаңғыбастық, қайыршылық;
- 4) мектептің Жарғысын және Мектептің ішкі тәртіп ережесін өрескел немесе бірнеше рет бұзу;
- 5) сабақтарға дәлелсіз себептермен жүйелі түрде қатыспау;
- 6) әкімшілік құқық бұзушылық жасау;
- 7) психикалық белсенді, уытты заттарды, есірткі құралдарын, спиртті ішімдіктерді тұтыну, темекі шегу;
- 8) ойынға және интернетке тәуелділік, лудомания;
- 9) теріс бейресми балалар-жастар топтары мен бірлестіктеріне, теріс жастар субмәдениеттеріне қатысу;
- 10) діни ағымдар мен радикалды көзқарастарды ұстану.

23. МЕА туралы шешім жауапты адамның өтініші бойынша сынып жетекшісінің, психологиялық қызмет мамандарының оң мінездемесі негізінде, сондай-ақ басқа да объективті себептермен (көшу, оқу орнын ауыстыру) Профилактикалық кеңестің отырысында қабылданады.

24. МЕА-да тұрған білім алушыны басқа білім беру ұйымына ауыстырған жағдайда жүргізілген профилактикалық жұмыс туралы ақпарат өңірдің білім басқармасы органының әдістемелік қызметі бекіткен алгоритмге сәйкес оқу орны бойынша беріледі.

25. Білім алушыны МЕА құқықтық салдарға әкеп соқпайды және орта білім беру ұйымының білім беру ортасы жағдайында уақтылы, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге арналған.

26. Кәмелетке толмаған баланы ішкі істер органдарында есепке қою жағдайларын қоспағанда, МЕА білім алушылардың саны білім беру ұйымының рейтингіне теріс әсер ететін көрсеткіш ретінде бола алмайды.

№ 19 орта мектебі бойынша 2024-2025 оқу жылындағы құқық бұзушылық бойынша «Мектепшілік есепте» тұрған оқушылар туралы мәлімет

р \ с	Оқушының аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	сыныбы	Ата-анасының аты-жөні	Жұмыс орны	Мекен- жайы	Ұялы телефон	Үйірмемен қамтылуы	Есепке алыну себебі	Сынып жетекші	Қоғамдық тәрбиеші
Құқық бұзушылық бойынша ішкі есептегі оқушылар											
1	Аманлықұлы Айтмұрат	08.12.2008	10 «а»	Құрмансейтов Амандық Сатыбалдиева Ләззат	«Қапшағай»строй АО Аралтүз жұмысшы	Абай №11	87013261525 87788012264	Волейбол	Қатап қалағалауды қажет етеді. ата-ана рұқсатынсыз беймезгіл жүріске бейім	Ергалиева Гүлмира	Шапбаев Сұнғат
2	Нұрланұлы Расула	17.04.2009	10 «а»	Тұрғанбаев Нұрлан Анасы қайтыс болған	Жұмыссыз	Ахметов №13	87774575293	Спорт мектебі «Күрес»	Қатап қалағалауды қажет етеді. ата-ана рұқсатынсыз беймезгіл жүріске бейім	Ергалиева Гүлмира	Жетесов Аман
3	Айтбайұлы Айбат	27.02.2008	11 «а»	Жанаева Гаухар Әкесі қайтыс болған	мелбике	Абай №56	87029121539	Футбол	Қатап қалағалауды қажет етеді. ата-ана рұқсатынсыз беймезгіл жүріске бейім	Бижанова Жадыра	Серікбаев Нұркен

Мектеп директоры:



Л.Есжанова

«Бекітемін»

Мектеп директоры

Л.Есжанова



№19 орта мектеп бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған кент әкімшілігімен бірлескен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жасалатын іс-шара жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Уақыты	Орындауға жауаптылар
1	«Қылмыс пен құқық бұзушылық құрамы ұғымы мен мәні» ІІБ-ның қызметкерлерімен, прокуратурамен кездесу ұйымдастыру	Қаңтар	ІІБ-ның қызметкерлері, Арал ауданының білім бөлімі, кент әкімшілігі
2	Эссе байқауы: «Мен зорлық –зомбылыққа қарсымын»	Қаңтар	МДТЖО С.Жасағанбергенова Қазақ тілі бірлестігі Ш.Сейталиева
3	Жас жеткіншектердің бойын зиянды әрекеттерден аулақ ұстау, құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында жастар орталығындағы мамандармен кездесу	ақпан	МДТЖО Кент әкімшілігі мамандары
4	Ішкі істер қызметкерлерімен, кездесу ұйымдастыру	ақпан	МДТЖО С.Жасағанбергенова Мектеп инспекторы кент әкімшілігі
5	«Сен және заң» пікірталас	сәуір	Дебат клубы жетекшісі Г.Әскерова
6	«Зорлық-зомбылықтың, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу»	Тиісті	МДТЖО

11	«Исламның ұлтқа көзқарасы» сыныптарда түсіндірме жұмыстарын жүргізу (теолог маманмен кездесу)	Наурыз-сәуір	МДТІЖО Кент әкімшілігі
12	Сенім жәшігіне түскен хабарламаларға талдау жасау	Тиісті уақытында	Мектеп психологы К.Ысқақ Әлеуметтік педагог Б.Ахметова
13	Мектепшілік ішкі есепке алынған оқушыларды үнемі назарда ұстап, жұмыстар жүргізу	Үнемі	МТТІЖО Мектеп психологы Әлеуметтік педагог, Қоғамды тәрбиеші Кент әкімшілігі
14	Темекі шегуден, нашақорлықтан, зиянды заттардан бала бойын аулақ ұстау (пікір алмасу, әңгіме жүргізу)	ақпан	Мектеп психологы К.Ысқақ Мектеп медбикесі Б.Жалмағанбетова
15	Құқық бұзушылықтың алдын алу ауыл мешіті имамымен кездесу ұйымдастыру	ақпан	МДТІЖО Мектеп психологы, сынып жетекшілер Кент әкімшілігі
16	Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қамқоршылық кеңес мүшелерімен, ата-аналар комитеті төрағасымен мектеп ата-аналарына жиналыс ұйымдастыру	Тиісті уақытында	МДТІЖО Мектеп психологы Сынып жетекшілер Кент әкімшілігі

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  С.Жасағанбергенова